

Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 64-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 23 сәуірдегі
№ 242 қаулысымен
бекітілген

Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
-------	------------------	----------------	----------------------	-----------------	---------------------------------	----------------------

жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
1.	Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу	жарыстар, марапаттау рәсімдері	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 2 615 600 2022 жылы – 2 772 200 2023 жылы – 2 902 700 2024 жылы – 3 048 100 2025 жылы – 3 190 700	ЖБ
2	Халықтың спортпен және дене шынықтырум ең шұғылдануы үшін білім беру мектептерінің спорт залдарына қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша білім және дене шынықтыру мен спорт басқармалары арасында меморандумдар жасау	меморандумдар	ЖАО	2021 жыл бойы	талап етілмейді	-
3	Білім беру ұйымдарында аккредиттелген спорт федерацияларымен бірге спорт түрлері бойынша	келісім	ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-

	қосымша секцияларды енгізу және оларға спорт залдарын жалға беру					
4	Мектеп спортының дамыту (баскетбол, волейбол, футбол және спорттың басқа да бұқаралық түрлері бойынша мектеп лигаларын өткізу)	жарыстар, марапаттау рәсімдері	ОМ, ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 489 300 2022 жылы – 514 000 2023 жылы – 533 200 2024 жылы – 553 500 2025 жылы – 574 200	ЖБ
5	Студенттік спортты дамыту (қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша республикалық спартакиадаларды, универсиадаларды және жастар ойындарын, баскетбол, волейбол, футбол және спорттың басқа да бұқаралық түрлері бойынша студенттік лигалар өткізу)	жарыстар, марапаттау рәсімдері	ҒЖБМ, ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 36 700 2022 жылы – 33 900 2023 жылы – 35 400 2024 жылы – 41 300 2025 жылы – 42 800	ЖБ
6	Жалпы білім беретін мектептер мен колледждер жанынан оқушыларға (ведомстволық статистикалық байқаудың	ЖАО		талап етілмейді	-

	жастарға) арналған тегін спорттық секцияларды ашу	статистикалық нысаны		2020 және 2021 жылдар бойы		
7	Балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын ұйымдастыру және демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау	ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны	ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
8	Жалпы білім беретін мектептерде БЖДДК ашу және өңірлерде жұмыс істеп тұрған клубтар желісін кеңейту (әр ауданда, қалада кемінде 1 БЖДДК)	ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 1825540* 2022 жылы – 1825540* 2023 жылы – 1825540* 2024 жылы – 1825540* 2025 жылы – 1825540*	ЖБ
9	Жалпы білім беретін мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының тест нормативтерінің тапсыру бойынша жұмысты ұйымдастыру	жарыстар, марапаттау рәсімдері	ЖАО	тоқсан сайын	талап етілмейді	-

10	Жалпы білім беретін мектептерді спорттық мүкәммалмен және жабдықтармен (жүгіру жолдары, көпфункционалды алаңдар – қысқы мұз айдындары және жазғы футбол алаңдары, Street Workout ұқсас жаттығу құрылғылары кешені) қамтамасыз ету	қабылдап алу-беру актісі	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 581 400 2022 жылы – 566 800 2023 жылы – 589 000 2024 жылы – 609 200 2025 жылы – 632 700	ЖБ
11	Балалардың, жасөспірімдер мен жастардың дене шынықтыру дайындығына және дене бітімінің дамуына мониторинг жүргізу	талдамалық ақпарат	ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
12	Дене шынықтыру мен спорттың ұлттық цифрлық тұғырнамасын (e-sport) құру және енгізу	есептік ақпарат	МСМ, ЦДИАӨМ, Қаржымині, ЖАО	2023 жылғы желтоқсан	2021 жылы - 76 314* 2022 жылы – 66 228* 2023 жылы – 67 209* 2024 жылы – 52 798* 2025 жылы – 52 798*	РБ (001104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы)
	Халықтың барлық нысаналы					

13	топтары үшін саламатты өмір салтын телевизиялық сюжеттер, фильмдер, бейнероликтер арқылы насихаттау	телевизиялық сюжеттерді, фильмдерді, бейнероликтерді көрсету	АҚДМ	жыл бойы	талап етілмейді	-
14	Халықтың барлық нысаналы топтары үшін саламатты өмір салтының негіздерін қалыптастыратын баннерлер, билбордтар шығару	баннерлерді, билбордтарды орналастыру	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 94 707* 2022 жылы – 95 774* 2023 жылы – 96 908* 2024 жылы – 98 070* 2025 жылы – 99 720*	ЖБ
15	"Спорт баршаға!" акциясын (шеберлік-класстар, ашық сабақтар, флешмобтар, "спорт жәрмеңкелері", бұқаралық жаттығулар) өткізу	акциялар	ЖАО	үнемі	талап етілмейді	-
16	Өңірлік дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық ғимараттар мен ұйымдарында халыққа арналған "Ашық есік күні" спорттық іс-шараларын тұрақты негізде өткізу	акциялар	ЖАО	үнемі	талап етілмейді	-
	Спортшыларға, жаттықтырушыларға, дене					

17	шынықтыру және спорт саласындағы мамандарға және дене шынықтыру-спорт ұйымдарына "Үздік" номинациясы бойынша атақ беру жөніндегі республикалық конкурсты өткізу	республикалық конкурс, сыйлықтарды тапсыру рәсімі	МСМ	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 24 481 2022 жылы – 24 481 2023 жылы – 24 481 2024 жылы – 24 481 2025 жылы – 24 481	РБ (035100 "Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау" бюджеттік бағдарламасы)
18	"Үздік спорт журналисі" атағын беру бойынша республикалық конкурс өткізу	республикалық конкурс, сыйлықтарды тапсыру рәсімі	МСМ	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 406 2022 жылы – 420 2023 жылы – 449 2024 жылы – 480 2025 жылы – 514	РБ (035101 "Спорт саласындағы қайраткерлердің ынталандыру" бюджеттік бағдарламасы)
19	Ауылдық және қалалық елді мекендерде жазықтық спорт ғимараттарының (спорттық ядролар, алаңдар, спорттық трассалар) желісін дамыту	ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны	ЖАО, спорт түрлері бойынша федерациялар (келісу бойынша)	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 6 203 100 2022 жылы – 5 371 800 2023 жылы – 5 302 500 2024 жылы – 4 834 000 2025 жылы – 5 625 800	ЖБ
20	Объектілердің тұрақты негізде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жақын орналасқан ұйымдарға жазықтық спорт ғимараттарын (спорттық	келісім	ЖАО	үнемі	талап етілмейді	-

	ядролар, алаңдар, спорттық трассалар) бекіту					
21	Бейімдік дене шынықтыруды дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу	әдістемелік ұсынымдар	МСМ, ЖАО	2021 жылға дейін	талап етілмейді	-
22	Дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту мәселелері бойынша халықтың қажеттілігін анықтау бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізу	ұсынымдар	МСМ, ЖАО	2021, 2023 жылдар ішінде	2021 жылы – 17 700* 2023 жылы – 17 700*	РБ (036100 " Жоғары жетістіктер спорты дамытуды қамтамасыз ету " бюджеттік бағдарламасы)
23	Паралимпиадалық спортшылармен жұмыс істеу үшін бейімдік дене шынықтыру және спорт жөніндегі жаттықтырушыларды қайта даярлау курстарын өткізу	сертификатта беру	МСМ, ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	-
24	Жоғары оқу орындарында "спорт менеджері", "спорт төрешісі", "спорт психологы" жаңа оқу бағдарламаларын енгізу	" есеп	БҒМ	2021 жылғы желтоқсанға дейін	талап етілмейді	-

25	" QAZAQSTAN QYZMET CUP " турнирін өткізу	турнир, марапаттау рәсімі	МСМ, ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 6 346* 2022 жылы – 6 346* 2023 жылы – 6 346* 2024 жылы – 6 346* 2025 жылы – 6 346*	РБ (035100 " Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау" бюджеттік бағдарламасы)
26	Жақын шетелдерден мемлекеттік қызметшілер арасында Government Relation CUP мини-футбол да н халықаралық турнир өткізу	турнир, марапаттау рәсімі	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 10 000 2022 жылы – 10 000 2023 жылы – 10 000 2024 жылы – 10 000 2025 жылы – 10 000	демеушілік қаражат
27	"ULY DALA JARYSY" кедергілерден өту жарысын өткізу	турнир, марапаттау рәсімі	МСМ ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 18 383* 2022 жылы – 18 383* 2023 жылы – 18 383* 2024 жылы – 18 383* 2025 жылы – 18 383*	РБ (035100 " Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау" бюджеттік бағдарламасы)
28	"ULY DALA QYSY" кедергілерден өту жарысын өткізу	турнир, марапаттау рәсімі	МСМ ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 19 883* 2022 жылы – 19 883* 2023 жылы – 19 883* 2024 жылы – 19 883* 2025 жылы – 19 883*	РБ (035100 " Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау" бюджеттік бағдарламасы)
29	"Qazaqstan Jastar Fest" жастар спорт фестивалін өткізу	фестиваль, марапаттау рәсімі	ЖАО	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 108 142* 2022 жылы – 109 343* 2023 жылы – 110 953* 2024 жылы – 112 266*	ЖБ

					2025 жылы – 114 038*	
30	"Бурабай" республикалық жартас фестивалін ұйымдастыру және өткізу	фестиваль, марапаттау рәсімі	МСМ, Ақмола облысының әкімдігі	2021 – 2025 жылдары	2021 жылы – 5 736* 2022 жылы – 5 736* 2023 жылы – 5 736* 2024 жылы – 5 736* 2025 жылы – 5 736*	РБ (035100 " Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау" бюджеттік бағдарламасы)
31	Еңбек ұжымдарында және денешынықтыру-спорт ұйымдарында өндірістік гимнастиканы енгізу	есептік ақпарат	ОАО, ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

АҚДМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

ОАО – орталық атқарушы органдар

ЖБ – жергілікті бюджет

РБ – республикалық бюджет

БЖДДҚ – балалар-жасөспірімдер дене дайындығы клубтары

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі